

2010 жылы жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 225 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қаңтарда N 12-4-76 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 309 қаулысы)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010.12.31 N 309 қаулысы).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 19-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, жұмыссыздардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2010 жылға арналған аудандық бюджетте қарастырылған қаржы есебінен жұмыссыздарды кәсіби даярлауға, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысын ұйымдастырсын.

2. "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру" 002 бағдарламасы бойынша аудандық бюджетте бекітілген қаржы көлемінде уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған алғашқы күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Ысқақоваға міндеттелсін.

Аудан әкімі

М. Көбенов

